



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

13.06.2017 ж.

Қостанай қаласы

№ 298

город Костанай

Банкроттық басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3-тармақшасына сәйкес, 2017 жылғы 07 маусымдағы «Филоненко Любовь Валентиновна» жеке кәсіпкерді (бұдан әрі - ЖК) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Искаков Сапарғали Билялович хабарлама әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімінен алып тасталғанына байланысты «Филоненко Любовь Валентиновна» ЖК-ның мүлігін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. С.Б. Искаков үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев

011625